

Ақмарал Бейсенқұлқызы Пиязбаева^{1*}, Аман Мәделханұлы Абасилов²^{1*} автор-корреспондент, докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,

Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-9180-8010 E-mail: akmaral.piyazbayeva@gmail.com

² филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,

Қазақстан, Қызылорда қ., ORCID: 0000-0003-4660-454X E-mail: aman_abasilov@mail.ru

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ТІЛІ:
ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

Андатпа. Мақалада қазіргі қазақ киносы тілінің әлеуметтік лингвистикалық ерекшеліктері сараланып, қазақ тілінің кино индустриясындағы көрінісі мен рөлі ғылыми тұрғыдан сипатталады. Зерттеу мақсаты – қазақ киносының тіліне тән аралас тілдік құрылымдар (код араластыру, сленг, жаргон, пиджиндену, креолизация) мен олардың ұлттық тіл саясатына, қазақ тілінің қоғамдық беделіне ықпалын анықтау. Кино тілінің тілдік нормалардан ауытқуы тіл тазалығына, аудиториямен эмоционалды байланысқа және жастардың тілдік идентификациясына тікелей әсер етеді. Мақалада комедиялық және драмалық жанрдағы жиырмадан астам фильм тілдік корпус ретінде қарастырылып, олардың ішіндегі код ауыстыру жағдайлары, грамматикалық құрылым бұзылулары, лексикалық гибридтер мен бейпіл сөздердің үлесі контент-талдау арқылы нақтыланды. Мақаланың өзектілігі: қазақ киносы ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Оның тілдік қолданыстары көрерменнің тілді қабылдауына және қазақ тілінің дамуына тікелей әсер етеді. Қазіргі замандағы жаһандану үрдісі мен шетелдік мәдени ықпалдың күшеюі ұлттық тілдің сақталуы мен дамуында жаңа мәселелерді туындатып отыр. Осы орайда қазақ киносының тілі тек шығармашылық құрал емес, сонымен бірге тіл саясаты мен мәдениетті сақтаудың негізгі элементі ретінде қарастырылады. Мақала нәтижелері кино саласындағы сценаристер, режиссерлер мен тіл мамандары үшін пайдалы бола алады. Қазақ киносындағы тілдік қолданыстарды талдау нәтижелері қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оны сақтау және дамыту стратегияларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ бұл зерттеу қазақ киносына қызығушылық танытатын студенттер мен зерттеушілер үшін оқу материалы ретінде пайдалы болмақ. Бұл зерттеу қазақ тілінің кино арқылы жаңғыру мүмкіндігін арттыруға, сондай-ақ тілді идеологиялық және мәдени репрезентация құралы ретінде дамытуға бағытталады.

Тірек сөздер: кинематография; қазақ киносы; жаргон; арго; сленг; пиджиндену; креолдану**Қаржыландыру көзі:** Мақала ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты мақсатты-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Пиязбаева А.Б., Абасилов А.М. Қазіргі қазақ киносының тілі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелер. *Tiltanyum*, 2025. №2 (98). 168-182-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-168-182>**Ақмарал Бейсенкуловна Пиязбаева^{1*}, Аман Мәделханович Абасилов²**^{1*} автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-9180-8010 E-mail: akmaral.piyazbayeva@gmail.com² кандидат филологических наук, доцент, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда, ORCID: 0000-0003-4660-454X E-mail: aman_abasilov@mail.ru**ЯЗЫК СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО КИНО:
СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ**

Аннотация. В статье рассматриваются социолингвистические особенности языка современного казахского кино, а также научно обоснована роль казахского языка в кинематографической индустрии. Цель исследования – выявить характерные для казахского кино смешанные языковые структуры (код-свитчинг, сленг, жаргон, процессы пиджинизации и креолизации) и определить их влияние на национальную языковую политику и общественный престиж казахского языка. Отклонения от языковых норм, зафиксированные в кинопродукции, напрямую затрагивают чистоту языка, эмоциональную связь с аудиторией и языковую идентификацию молодёжи. В качестве корпуса проанализировано более двадцати комедийных и драматических фильмов; с помощью контент-анализа уточнены частота код-свитчинга, нарушения грамматических конструкций, наличие лексических гибридов и обценной лексики. Актуальность темы определяется тем, что казахское кино является важной частью национальной культуры, а его языковые практики непосредственно влияют на восприятие языка зрителями и на развитие самого казахского языка. В условиях глобализационных процессов и усиливающегося иностранного культурного влияния сохранение и развитие национального языка сталкивается с новыми вызовами. Поэтому язык казахского кино

рассматривается не только как творческий инструмент, но и как ключевой элемент языковой политики и сохранения культурного наследия. Полученные результаты могут быть полезны сценаристам, режиссёрам и лингвистам, работающим в сфере кино. Анализ языковых практик казахского кинематографа способствует выработке стратегий повышения статуса казахского языка, его сохранения и развития. Исследование также может служить учебным материалом для студентов и исследователей, интересующихся казахским кино, и направлено на расширение возможностей языкового обновления через кинематограф, а также на использование языка как идеологического и культурного средства репрезентации.

Ключевые слова: кинематография; казахское кино; жаргон; арг; сленг; пиджинизация; креолизация

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта целевого финансирования с ИРН BR24993133 «Исследование казахского языка в лингвосинергетическом, лингвоэкологическом, лингводидактическом аспектах и разработка лингвистических основ учебного текста».

Для цитирования: Пиязбаева А.Б., Абасилов А.М. Язык современного казахского кино: социолингвистические проблемы. *Tiltany*, 2025. №2 (98). С. 168-182. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-168-182>

Akmaral Piyazbayeva^{1*}, Aman Abasilov²

^{1*}Corresponding author, Doctoral Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-9180-8010 E-mail: akmaral.piyazbayeva@gmail.com

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda, ORCID: 0000-0003-4660-454X E-mail: aman_abasilov@mail.ru

THE LANGUAGE OF MODERN KAZAKH CINEMA: SOCIOLINGUISTIC ISSUES

Abstract. This article examines the sociolinguistic features of the language used in contemporary Kazakh cinema and provides a scholarly rationale for the role of the Kazakh language within the film industry. The aim of the study is to identify the mixed linguistic structures characteristic of Kazakh cinema (such as code-switching, slang, jargon, pidginization, and creolization) and to determine their impact on national language policy and the public prestige of the Kazakh language. Deviations from linguistic norms recorded in cinematic works directly affect language purity, emotional connection with the audience, and the linguistic identification of youth. More than twenty comedic and dramatic films were analyzed as part of the language corpus, and a content analysis was conducted to determine the frequency of code-switching, grammatical inconsistencies, lexical hybrids, and the presence of obscene language. The relevance of this study lies in the fact that Kazakh cinema constitutes a significant component of national culture, and its language practices have a direct impact on how the language is perceived by audiences and on the development of the Kazakh language itself. In the context of globalization and increasing foreign cultural influence, the preservation and advancement of the national language face new challenges. Therefore, the language of Kazakh cinema is considered not only a creative medium but also a crucial tool for language policy and the preservation of cultural heritage. The findings of the study may be useful for screenwriters, directors, and linguists working in the field of cinema. The analysis of linguistic practices in Kazakh filmmaking can inform strategies to enhance the status of the Kazakh language, as well as its preservation and development. Additionally, the research may serve as educational material for students and scholars interested in Kazakh cinema and is aimed at expanding opportunities for linguistic revitalization through cinema, while also advancing the use of language as a means of ideological and cultural representation.

Keywords: cinematography; Kazakh cinema; jargon; argot; slang; pidginization; creolization

Funding source: The article was prepared within the framework of the targeted funding project with IRN BR24993133 «Study of the Kazakh language in linguosynergetic, lingvoecological, and linguodidactic aspects and the development of linguistic foundations for educational texts».

For citation: Piyazbayeva, A., Abasilov, A. The Language of Modern Kazakh Cinema: Sociolinguistic Issues. *Tiltany*, 2025, No. 2 (98). P. 168-182. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-168-182>

Қысқашы

Кино – ұлттық болмыс пен мәдениеттің көрінісі ретінде тілдің әлеуметтік қызметін арттыратын қуатты құрал. Қазіргі қазақ киносында шынайылықты арттыру мақсатында аралас тілдік элементтер жиі қолданылады. Мұндай үрдістер тілдік нормалардың бұзылуына және қазақ тілінің мәртебесіне қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты мақалада қазақ кино тіліне тән әлеуметтік лингвистикалық құбылыстарды талдауға талпыныс жасалып отыр. Тілдің қоғамдық өмірдегі, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдени салада, әсіресе кино өнерінде атқаратын рөлі зор. Кино – қоғамның рухани айнасы, ұлттың өзін-өзі тануы мен танытуының құралы. Осы тұрғыдан алғанда, кинодағы қазақ тілінің қолданылу деңгейі мен көрінісі ұлттық болмыс пен тіл саясатының өзара байланысын көрсетеді, себебі кино индустриясы – тілдің

таралуына, танымал болуына және жастар арасында беделінің артуына зор ықпал ете алады. Әр елдің өзінің ұлттық болмысы, терең тарихы, ғұрып-салты, діни ұстанымы, әлеуметтік-экономикалық жіктелісі бар болғандықтан, кинодағы қазақ тілі – ең алдымен ұлттың рухани тәуелсіздігі мен тілдік дербестігін нығайтудың басты тетіктерінің бірі, бұл мәдениет пен ұлттық болмысты сақтау және тарату жолы. Қазақ тілі тек тұрмыстық қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар көркемдік, мәдени, идеологиялық және стратегиялық ресурс ретінде дамуы тиіс. Ал қазақ киносы қоғамның айнасы ретінде халықтың тілі, дәстүрі, менталитеті мен құндылықтары туралы көрерменге танымдық білім бере алуы керек. Сондықтан да кино – ең бірінші кезекте бизнестің емес, ұлттық ұстаным миссиясын атқаруы қажет, оның ұлтқа тигізер пайдасы, ұрпаққа берер тәлімі басты назарда тұру керек. Әсіресе, қазіргі кезде қазақ қоғамы шетелдік сериалдарды қызыға тамашалап, жастардың санасын өзге елдің мәдениеті баурап жатқан уақытта, ұлттық киноның дамуына назар аударудың маңызы күннен-күнге артып келеді. Осыған байланысты қазіргі қазақ киносындағы қазақ тілінің қолданылу ерекшеліктерін зерттеу, оның әлеуметтік лингвистикалық ықпалын анықтау, тілдік қолданыстардың қазақ қоғамындағы мәдени және ұлттық идентификацияға әсерін бағалау маңызды болып отыр.

Қазақ тілі қазіргі қазақстандық кинода маңызды рөл атқарады, ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейліктің символы ретінде де көрінеді. «Қыз Жібек» (1970) пен «Томирис» (2019) сияқты фильмдерде қазақ тілі тарихи және мәдени тамырларды айқындап, көрерменмен эмоционалдық байланыс қалыптастыра алды. Ана тілінің қолданылуы қазақ халқының дәстүрлерін, фольклорын және дүниетанымын шынайы жеткізуге көмектесті. Тарихи және драмалық фильмдерде тіл көбіне дәстүрлі музыкамен және көрнекі элементтермен қатар қолданылады, бұл мәдени контексті күшейтеді. Бұл әсіресе жаһандану дәуірінде маңызды, себебі тілдік ерекшелікті сақтау – басты міндеттердің бірі. Қазақ тілінің маңыздылығына қарамастан, кинода оның қолданылуы бірқатар қиындықтарға тап болуда. Біріншіден, қазақстандық фильмдердің бюджеттік шектеулері халықаралық нарыққа сапалы локализация жасауға кедергі келтіреді, оның ішінде аударма мен субтитрлерде біршама қиындықтар бар. Екіншіден, кейбір көрермендер, әсіресе қалалықтар, орыстілді контентке артықшылық береді, бұл продюсерлерді тілдік тепе-теңдікті сақтауға мәжбүрлейді. *«Қазақ тілінде кино түсіру – қиындық тудырады, бірақ бұл біздің болмысымызды сақтау үшін аса қажет»*, – дейді режиссер Әділхан Ержанов (Ержанов, 2021).

Тағы бір мәселе – күрделі драмалық рөлдерге сай қазақ тілін еркін меңгерген кәсіби актерлердің жетіспеушілігі, бұл кейде диалогтердің қарапайымдануына немесе дубляж қолдануға әкеліп, фильмнің шынайылығын төмендетуі мүмкін. Дей тұрғанмен де ХХІ ғасырда қазақ тілі қазақстандық кинода әртүрлі жанрларда, драмадан бастап тарихи эпопеяларға, комедия мен жастар сериалдарына дейін кеңінен қолданылуда. «Рэкетир» (2007), «Побег из аула» (2011) және «Патруль» (2024) т.б. сияқты фильмдерде қазақ тіліндегі диалогтер жиі кездеседі, бұл оларды жергілікті көрерменге түсінікті әрі қолжетімді етеді. Сонда кино өнері бұл тек фильм түсіру өндірісі ғана емес, ол – кез келген ұлттың бет-бейнесі, өмір сүру салты мен ойлау жүйесі, ұлттық мәдениеттің жаршысы. Кино өнері қазір қаласақ та, қаламасақ та кітапқа, газет-журналдарға қарағанда әлеуметті қамтуы жағынан жоғары болып отыр. Киноның осындай жалпы көпшіліктік сипатынан оның адамның сана-сезіміне, психологиясына, ой-өрісі мен дүниетанымына әсер етуінің қарқындылығын көреміз, демек кино дұрыс мақсатта пайдаланылса, ұлтты біріктіретін құралға, ал бұрыс мақсатта – атом бомбасынан да қатерлі қаруға айналады. Сондықтан ұлттық кино өнеріне, оның ішінде қазақ киносының тіліне бей-жай қарауға болмайды.

Мақалада қазіргі қазақ киносының тілдік ерекшеліктеріне, қазақ тілінің кино өнеріндегі қызметіне, ондағы үлесіне қатысты әлеуметтік лингвистикалық мәселелерді талдау, қазіргі қазақ киносының тілдік жағдайын (сапасын) жақсарту (көтеру) бойынша режиссерлерге, сценаристерге және тіл мамандарына нақты ұсыныстар беру міндеті қойылды. Қазақ киносының тілін зерттеу арқылы оның ұлттық мәдениетті сақтаудағы рөлін анықтау, қазақ тілі нормаларының сақталу деңгейін бағалау және кинематографиядағы тіл қолданысының қазіргі қазақ қоғамына тигізер ықпалын айқындау мақсаты көзделді. Сонымен қатар қазақ киносы тіліндегі шұбарлану (орыс тілінің, жаргондардың немесе өзге тіл элементтерінің шамадан тыс қолданылуы) мәселесін талдауға, бұл құбылыстың қазақ тілі мен қазақ мәдениетіне әсерін, қостілділіктің (қазақ және орыс

тілдерінің аралас қолданылуы) ықпалын бағалауға талпыныс жасалды. Осы міндеттерді орындау арқылы мақала қазақ киносы тілінің қазіргі ахуалын ғылыми негізде зерттеуге және тіл тазалығын сақтау мәселесін шешуге бағытталған ұсынымдарды әзірлеуге үлес қосады деп сенеміз.

Қазіргі қазақ киносының тілдік ерекшелігі мен тіл тазалығын зерттеу тек кинематография саласына ғана емес, жалпы қазақ тілінің дамуына да үлкен үлес қосады. Бұл зерттеулер тіл мәдениетін сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеруге, қоғамның тілге деген құрметін арттыруға мүмкіндік береді. Тілдік ерекшеліктерді зерттеу арқылы кинодағы лексикалық, грамматикалық және стильдік қолданыстарды сөз ету мақаланың ғылыми-теориялық маңызын құрайды.

Материал және әдістер

Мақалаға материал ретінде қазақтілді «Мұқағали» (жанры: тарихи драма), «Ұлы дала таңы» (жанры: тарихи фильм), «Қанатты қыз» (жанры: драма), «Махабат пен ғадауат» (жанры: драма), «Біздің сынып» (драма), «Бөлек шығайық» (жанры: комедия), «Хотя бы кинода 3» (комедия), «Родной» (комедия), «Жол» (комедия), «СОСО&JANBO» (жанры: комедия, криминал, мелодрама), «Сәлем, папа» (комедия, боевик), «Кеттік, бәрін таста» (комедия), «Келінжан» (комедия), «Сакура» (мелодрама), «Дәстүр» (ужастик), «Бақыт» (драма), «Жездуха» (комедия), «Бизнес по-казахски» (комедия) фильмдері және олардың дубляждары, сонымен қатар орыстілді «Шекер. Последний шанс» (криминал), «5:32» (детектив, триллер, криминал) фильмдері пайдаланылды. Оған себеп: берілген фильмдердің жанрлық әртүрлілігі мен олардағы қазақ тілінің қолданылуы, тіл тазалығы, тілдік қолданыстардың қазақ қоғамына, оның ұлттық бірегейлігіне әсерін талдау тілтанымдық тұрғыдан ғана емес, мәдениет пен тілдік саясат тұрғысынан да маңызды мәселе. Бұл – көрермендерге фильмдердің мазмұны мен диалогтерінде қолданылған тіл сауаттылығы мен әдептілігін бағалауға мүмкіндік беретін фактор.

Мәселен, «Бөлек шығайық» (жанры: комедия), «Хотя бы кинода 3» (комедия), «Родной» (комедия), «Жол» (комедия), «Кеттік, бәрін таста» (комедия), «Келінжан» (комедия), «Жездуха» (комедия), «Бизнес по-казахски» (комедия) сынды комедиялық жанрдағы фильмдер тіл тазалығын сақтау тұрғысынан еркіндікке жол берген. Мұнда жаргондар, боқтық сөздер, ауызекі сөйлеу тілінің элементтері кездеседі. Көркемдік мақсатта фильмдерде кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктері сақталуы әбден мүмкін, алайда мұндай сөздер фильмнің негізгі аудиториясына түсінікті, әрі қабылдауға қолайлы болуы қажет.

«СОСО&JANBO», «Шекер. Последний шанс», «5:32» криминалдық жанрда түсірілген фильмдерде кейіпкерлердің диалогтерінде қатал, шынайы криминал әлемнің бейнесін ашу мақсатында дөрекі, бейпіл, қылмыстық субмәдениет өкілдері арасында қалыптасқан және көбіне сырттан келгендерге түсініксіз ерекше сөздер мен фразалар, түрмедегі өмірдің, қатынастардың, жазылмаған ережелер мен иерархияның көрінісі болып табылатын жаргон сөздер қолданылған. Дегенмен бұл көркемдік элементті асыра пайдаланбау маңызды.

Мақаланың талдау нысаны болып отырған барлық фильмдерде екі тілде сөйлейтін кейіпкерлер, оның ішінде қазақ және орыс тілінде сауатсыз, аралас тілде «шала қазақ» тілінде сөйлейтін диалогтер өте көп. Жалпы қазіргі қазақ фильмдерінде қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуы кең таралған құбылыс. Бұл қостілділік – Қазақстандағы тарихи-мәдени және әлеуметтік жағдайдың көрінісі. Дегенмен оның фильмдердегі рөлі күрделі және жан-жақты талдауды қажет етеді. Аралас тілді немесе «шала қазақ» тілін қолданған жағдайда оның көрерменге әсерін және қазақ тілі мен орыс тілінің теңгерімін ескеру керек деп ойлаймыз. Қазақ тіліндегі диалогтерге орысша сөздер мен конструкциялар араласқан жағдайда, олар көркемдік сапаны төмендетіп, эстетикалық тұрғыда қабылдануға қиындық туғызады. Қазақ тілі мен мәдениеті толық жеткізілмеген жағдайда фильм ұлттық болмыстан алшақтайды, қазақ тілі екінші орында қалып қояды. Фильм дубляждан өткен болса, оның тілдік сапасы, мәдени ерекшеліктерді беру деңгейі жоғары ма әлде түпнұсқалық мағынадан ауытқулар бар ма – осыны ескеру қажет. Дубляж сапасын жетілдіру үшін кәсіби аудармашылар мен актерлерді пайдалану маңызды. Қазақ тіліндегі фильмдерде қазақы болмыс пен ұлттық мәдениетті дұрыс жеткізу үшін, тіл мамандарынан кеңес алу қажет деп есептейміз. Екі тілде түсірілген фильмдерде қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін қазақ тіліндегі диалогтерді күшейтуге көңіл бөлу ұсынылады. Тіл тазалығына назар аудару – фильмдердің сапасы мен аудитория алдындағы беделін арттырудың

маңызды қадамы.

Мақалада берілген теориялық материалды зерттеу және баяндау барысында жалпы ғылыми әдіс – әдеби шолу, яғни тіл білімі мен кинотану саласындағы заманауи зерттеулерді қарастыру әдісі қолданылды. Практикалық материалды талдау барысында: контент-талдау – қазақ кинофильмдеріндегі диалогтер мен монологтерді зерттеу; салыстырмалы әдіс – қазақ киносындағы қазақ және орыс тілді мәтіндердегі тілдік ерекшеліктерді салыстыру мен контекстуалдық талдау әдістері де қолданылды.

Әдебиетке шолу

Ұлттық кинематографияның дамуының мәселелері мен заңдылықтары қазақстандық зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Қазақстандық өнертанушы ғалымдар шығармашылық индустрияларды дамыту контекстінде мемлекет пен киноиндустрияның өзара әрекетін, қазақстандық кинематографияның қалыптасу тарихы мен оның қазіргі кезеңдегі рөлін, кинематографияға заманауи технологияларды енгізудің рөлі мен мәселелерін, қазіргі фильм үшін киномузыканың маңыздылығын т.б. зерттеп келеді, көптеген ғылыми-танымдық еңбектер жарыққа шықты. Қазақстандағы кино бизнесі мен кино нарығының қалыптасу кезеңдері Г.О. Абикееваның мақаласында терең зерттелген. Автордың пікірінше, «Қазақстандық кинематография мәдени индустрия ретінде 2005 жылы кино прокаты жанданып, фестивальдер үшін ғана емес, ең алдымен, көрермендер үшін фильмдер түсіріле бастаған кезден бастап қалыптаса бастады» (Абикеева, 2022). Зерттеушінің ойынша, соңғы онжылдықта Қазақстанның креативті экономикасының толыққанды саласы ретінде кино индустриясы қалыптасып, дамыды. Автордың деректері бойынша, «Егер 2000-жылдары қазақстандық киноның прокаттағы үлесі бар болғаны 1-3% болса, 2019 жылға қарай, пандемия басталғанға дейін, отандық фильмдердің кассалық жиыны барлық картиналар прокатының 30%-ын құрады».

Қазақстан киносы – ұлттық мәдениет пен тарихтың маңызды аспектісі. Қазіргі қазақстандық кинодағы тілдік репрезентация мәселелері де зерттеушілер назарынан тыс қалмады. А.Е. Қайырбекова, А.Н. Смагулова, Т. Байбатшаева, М. Молдасаев, А. Қожанова, А. Шәрипова, Н. Қан, Г. Мұрат, Г. Алғазина, Ш. Жолдасбаева, А. Сүлейменова сынды ғалымдардың еңбектерінде кинодағы көптілділік, сленг, арго және бейресми тілдік құрылымдар кеңінен талданды.

Бұл мәселелер тек қазақстандық емес, шетелдік лингвистер мен кинотанушылардың да зерттеу нысанына айналды. Мәселен, Norman Fairclough (1995) өз еңбектерінде тіл мен билік арасындағы қатынасты медиалық дискурста, соның ішінде кино тілінде де зерттейді. Ол кино тілін идеологиялық құрал ретінде қарастырып, әлеуметтік теңсіздіктер мен мәдени доминанттарды қалайша тіл арқылы жеткізуге болатынын сипаттайды (Fairclough, 1995). Andrew Higson (2000) «The Limiting Imagination of National Cinema» атты мақаласында ұлттық киноның тілдік және мәдени репрезентацияларын зерттейді. Оның пікірінше, тіл – ұлттық киноның негізгі айқындаушы белгілерінің бірі және көп жағдайда ұлттық бірегейлік осы тілдік ерекшеліктер арқылы танылады (Higson, 2000). Jane Hodson (2014) «Dialect in Film and Literature» атты еңбегінде аймақтық диалектілер мен әлеуметтік вариациялардың кинодағы көрінісін саралап, олардың көрермен қабылдауына әсерін сипаттайды (Hodson, 2014). Бұл әсіресе қазақстандық контексте, қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуымен байланысты маңызды. Allan Bell (2001) тілдік стиль мен аудитория арасындағы байланысқа ерекше көңіл бөледі. Оның зерттеулерінде медиа мен кино тілінің көрерменге бағытталған стратегиялық құрылымы талданады (Bell, 2001). Бұл қазіргі заманғы кинодағы сленг, арго мен код-ауыстыру сияқты құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік береді. Кинодағы пиджин және креол тілдері туралы зерттеулер John Holm (2000) еңбектерінде кеңінен сипатталған. Ол бұл тілдердің постотарлық контексте қолданылуын, олардың әлеуметтік мәртебесі мен мәдени код ретіндегі рөлін көрсетеді (Holm, 2000). Бұл құбылыс Қазақстандағы урбанизация мен мәдени интерференция жағдайында өзекті. Deborah Cameron (2000) кино тілін гендерлік және әлеуметтік рөлдер тұрғысынан зерттейді. Ол әйел және ер кейіпкерлердің сөйлеу стилі, тілдік нормалар мен стереотиптерді кино арқылы қайта өндіру мәселесін көтереді (Cameron, 2000). Мұндай зерттеу Қазақстанда гендерлік репрезентацияға қатысты лингвистикалық зерттеулерге негіз бола алады.

Сонымен қатар мақаланың теориялық негізін кинотеория саласындағы еңбектер (Ю.М. Лотман, Д. Вертов), кинотекст теориясы (П.Ю. Богдановская, Г.Г. Слышкин және т.б.), сондай-ақ

саясат пен кинематографияның өзара байланысын зерттеген еңбектер (М.М. Лоло және Л.О. Тернова, О.Е. Гришин және А.А. Еманов, А.А. Коробов және С.А. Серебряков және т.б.) қалады.

Нәтижелер және талқылау

Кино – тіл мен мәдениеттің тоғысар тұсы. Қазақ тілінің кино кеңістігінде қолданылу ерекшеліктерін зерттеу – ұлттық тіл саясатының, мәдени репрезентацияның және лингвистикалық идентификацияның негізгі көріністерін саралауға мүмкіндік береді. Кино туындыларындағы тілдік қолданыс – көрермен мен кейіпкер, автор мен қоғам арасындағы көпдеңгейлі қарым-қатынасты жүзеге асыратын көпқабатты дискурстық кеңістік. Бұл кеңістікте тіл эстетикалық, тарихи және әлеуметтік қызметтерді қатар атқарады. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, кино тілінің құрылымы диалог пен монолог, фонетикалық экспрессия, лексикалық тандау және синтаксистік құрылымдар арқылы жүзеге асады. Ал әлеуметтік лингвистикалық жағынан қазақ тілінің кино дискурсында қолданылуы оның әлеуметтік мәртебесін де көрсетеді. Кино – тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды медиалық орта. Тілдің балалар, жастар және ересектер арасындағы қолданылу аясының кеңеюі – қазақ тілінің функционалдық домендерге енуінің белгісі. Мәселен, дубляждалған мультфильмдер (Frozen II, Toy Story, Encanto) арқылы балалардың қазақ тіліне деген эмоционалдық байланысы қалыптасады. Сонымен қатар көркем фильмдер арқылы қазақ тілі қоғамдық дискурстың барлық деңгейлеріне енеді: поэтикалық (Мұқағали), саяси-тарихи (Ұлы дала таңы), әлеуметтік-мәдени.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінде түсірілген бірқатар көркем және деректі фильмдер ұлттық тілдік ортаның нығаюына, қазақ тілінің қоғамдық беделін арттыруға және тілдік идеологияны жаңғыртуға елеулі ықпал етіп отыр. Бұл құбылысты тек мәдени немесе көркемдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар социолінгвистикалық феномен ретінде де қарастыру қажет.

Мұндай фильмдердің қатарына ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған, түпнұсқасы қазақ тілінде түсірілген «Мұқағали» (2021) атты тарихи-драмалық фильмді; қазақ хандығының құрылу тарихы мен Абылай хан дәуірін бейнелейтін «Ұлы дала таңы» (2022) атты тарихи фильмді; әлемдік деңгейдегі спортшы қыз жайлы, түпнұсқасы қазақ тілінде түсірілген «Қанатты қыз» (2020) атты мотивациялық драманы; қазақ қоғамының түрлі әлеуметтік мәселелерін қазақ тілінде ашып көрсеткен «Махабат пен ғадауат» (2022) фильмін; диалогтерінің басым бөлігі қазақ тілінде түсірілген, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтерген қазіргі заман жастары туралы «Біздің сынып» (2023) драмалық фильмін атауымызға болады. Бұл фильмдер қазақ тілінің көркем, функционалдық және коммуникативтік әлеуетін көрерменге нақты түрде ұсынды. Фильмдердің түпнұсқасының қазақ тілінде болуы олардың мемлекеттік тіл мәртебесіне практикалық қолдау көрсететін мәдени өнімге айналуына себеп болды. «Мұқағали» (реж. Б.Шәріп, 2021) фильмінде тіл тек коммуникация құралы ғана емес, рухани-эстетикалық тәжірибе мен ұлттық поэтикалық дүниетанымды жеткізу құралы ретінде көрініс табады. Мұқағалидың ішкі монологтері мен диалогтеріндегі метафоралар, эпитеттер, инверсиялар мен поэтикалық синтаксис қазақ тілінің көркемдік деңгейін жоғары дәрежеде көрсетеді. Бұл көркемдік құралдар «поэтикалық дискурс» (Jakobson, 1960) белгісі ретінде тілдің эмоционалдық және идеологиялық салмағын күшейтті. «Ұлы дала таңы» (реж. А. Сатаев, 2022) тарихи эпосында қазақ тілі архетиптік және мәдени кодтарды жаңғыртушы ретінде қолданылды. «Жарлық», «хан», «жасақ», «ақ киіз» сияқты лексемалар тарихи мәдениетке тән терминологияны кино дискурсына енгізе отырып, когнитивтік тіл модельдерін іске қосты. Бұл құбылыс тілдің «мәдени когнитивтік кеңістікті» модельдеу мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен қатар фильм тарихи тілді қайта өңдеп, заманауи көрерменнің қабылдауына бейімдеді, бұл үдеріс ғылымда «лингвомәдениеттанымдық трансформация» (Wierzbicka, 1997) деп сипатталады. «Біздің сынып», «Махабат пен ғадауат» фильмдерінде тіл – әлеуметтік стратификация мен мәдени нормаларды көрсететін индикатор. Диалогтерде жиі қолданылатын бейресми тілдік құрылымдар (сленг, жаргон элементтері), ауызекі сөйлеу формалары, сөйлемдердің қысқа әрі экспрессивті берілуі қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік бейнесін сомдайды. Бұл құбылыстарды Пьер Бурдьенің «тілдік капитал» (linguistic capital) ұғымы арқылы түсіндіруге болады: тіл қоғамда әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықты айқындайтын символдық ресурс ретінде әрекет етеді (Bourdieu, 1991). Кейбір фильмдерде қазақ тілімен қатар орыс тілінің де қолданылуы – көстілділік феноменінің көрінісі. Алайда бұл код-ауыстыру (code-switching) тілдік ассимиляция емес, белгілі бір әлеуметтік рөлді, қарым-қатынас

жағдайын немесе эмоциялық реңкті нақтылауға қызмет етеді. Бұл құбылысты Джошуа Фишман (Fishman, 1972) «тілдік домен» (domain of language use) теориясы деп атады. Оның айтуынша, әр тіл белгілі бір әлеуметтік контексте қызмет етеді. Осы теорияға сәйкес қазақ тілінің көркем фильмдерде жетекші орын алуы – оның формалды, көркем және институционалды домендерге енгенін көрсетеді. Қазақ тілінің кинодағы көрінісі – тек тілдік емес, сонымен қатар идеологиялық мәселе. Бұл тіл тек қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейлікті, тарихи жадыны және мәдени мұраны жеткізуші рөл атқарады. Әсіресе, «Мұқағали» және «Ұлы дала таңы» фильмдері қазақ тілін идеологиялық тұрғыдан «рухани мәдени код» ретінде бекітті.

Қазіргі жаһандану жағдайында тілдік жүйелер арасындағы өзара әрекеттестік тереңдеп, әртүрлі тілдердің тоғысуынан пиджиндер мен креол тілдері сияқты аралас тілдік құбылыстар пайда болуда. Бұл үдерістер тек тіл білімінің ғана емес, сонымен қатар мәдениеттану, социолингвистика және кинотану салаларының да назарын аударуда. Қазақ киносының тілі ұлттық танымды көрсететін көркемдік құрал болумен қатар, қазіргі заманғы сөйлесім түрлерін бейнелейтін өмір айнасы да болып отыр. Осыған байланысты қазіргі қазақ киноларындағы қазақ және орыс тілдерін аралас қолдану, жаргондар мен сленгтердің жиі кездесуі бір топ көрерменге реалистік көрініс болса, енді бір тобына қазақ тілінің тазалығын бұзатындай әсер қалдырады. Мұндағы соңғы топтың алаңдауы мен жан айқайы өте орынды. Өйткені көптеген кино және телебағдарламалардағы жаргон, сленг және аралас тіл (қазақ-орыс) қолданыстары жастардың сөйлеу тілінде көрініс тауып, қазақ тілінің бірегейлігі мен тазалығына кері әсер етуі мүмкін. Мұндай жағымсыз әсерлер қазақ тілін үйреніп жатқан басқа да тұлғалардың тілдік дағдыларына теріс ықпал етеді, себебі кино индустриясы тілдердің араласуын жылдамдататын маңызды алаңға айналып отыр. Сондықтан қазіргі қазақ киносында қолданылып жатқан аралас тіл (қазақ-орыс) пиджиндену және креолдану үдерістеріне себеп болады. Пиджиндену <pidginization> және креолдану <creolization> әлеуметтік лингвистика саласында тілдік араласулардың бір түрі ретінде қарастырылады және бұл үдерістер нақты әлеуметтік, саяси және мәдени факторлар әсерінен туындайды. Осы мақалада әлемдік тілдік араласу контекстінде кино тіліндегі пиджин және креолизация үдерістері қарастырылып, Derek Bickerton (Bickerton, 1981), Salikoko Mufwene (Mufwene, 2001), Michel DeGraff (DeGraff, 2005), Peter Bakker (Bakker, 1997) сынды көрнекті зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, бұл құбылыстардың ғылыми тұрғыдан мәні ашылды.

Тілдің пиджиндену үдерісі. Пиджин – бастапқыда әртүрлі тіл иелерінің өзара байланысуы нәтижесінде пайда болатын қарапайымдалған аралық тіл. Derek Bickerton (1981) өзінің әйгілі «Roots of Language» еңбегінде пиджиндерді құрылымдық тұрғыдан жеңілдетілген жүйелер ретінде сипаттап, олардың балалары арасында креол тілге айналу үдерісін тілдің эволюциялық дамуымен байланыстырған (Bickerton, 1981). Бұл тұжырымдама Bickerton-ның «биологиялық тілдік моделімен» (bioprogram hypothesis) тікелей ұштасып жатыр. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде пиджин тілге көптілді аумақта қарым-қатынас жасау қажеттігі нәтижесінде пайда болған аралас тілдің түрі деген анықтама берілген (Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі, 2020). Пиджин тіл көбіне жеңілдетілген грамматикалық құрылым мен қарапайым сөздік қорды иеленеді және сөздердің семантикалық мәндері шектеледі. Пиджиннің әлеуметтік мәртебесін толыққанды тілдің (ана тілінің) мәртебесімен және оның бай жүйелілік құрылымымен салыстыруға келмейді. Пиджин тіл деп белгілі бір жағдаятпен ғана шектелген коммуникативтік қызмет атқаратын және сөйлеушілерінің ешқайсысына ана тілі болып саналмайтын қосалқы тілді айтады. Тарихи қалыптасуы жағынан пиджиндер көпшілігінде этносаралық қарым-қатынаста екінші тіл ретінде Жерорта теңізінің ірі қала-порттарында, алуан тілді жұмысшылар қызмет ететін Африка, Америка, Ямайка аралындағы қалаларда және өндірістік аудандарда пайда болған. Пиджин тілдің пайда болу көзіне көбінесе қытай, ағылшын, француз, испан, португал және басқа да еуропа тілдері мен жергілікті этнос тілдері жатады (Абасилов, 2016).

Тілдің креолдану үдерісі. Креолизация – пиджин тілінің ана тілі ретінде қабылданып, күрделеніп, толыққанды тілдік жүйеге айналуы. Salikoko Mufwene (2001) «The Ecology of Language Evolution» атты еңбегінде тілдердің пайда болуы мен дамуын экологиялық модель арқылы түсіндіреді (Mufwene, 2001). Ол креолизация үдерістерінің колониялық және постколониялық контекстерде қалай жүзеге асқанын көрсетіп, тілдік араласудың әлеуметтік және

тарихи себептерін саралайды. Michel DeGraff (2005) креол тілдерінің лингвистикалық жағынан «қарапайым» емес екенін, керісінше, күрделі синтаксистік құрылымдарға ие бола алатынын дәлелдеген (DeGraff, 2005). Оның еңбектері креол тілдерге қатысты стигматизацияны жоққа шығарып, оларды толыққанды тілдер ретінде қарастыруды ұсынады. Peter Bakker (1997) әсіресе пиджин мен креол тілдердің пайда болуын контакт-лингвистика шеңберінде талдайды (Bakker, 1997). Бір сөзбен айтқанда, креол тіл пиджинге өте ұқсас. Дегенмен бұл екеуінің арасында айтарлықтай маңызды ерекшеліктер бар. Пиджин тіл – әлеуметтік субстратқа ие, яғни ол саудаға, қала жағдайына және көші-қонға байланысты өз сөйлеушілері бар тіл, бірақ ол этникалық тіл емес, ешқандай халықтың, ұлттың ана тілі болып табылмайды. Ал креол тіл – керісінше, бірінші кезекте белгілі бір этникалық қауымдастық тіліне айналады. Басқаша айтқанда, бүтіндену, ынтымақтасу үдерісінде пиджин тіл негізінде жаңадан пайда болған этнос тілі (Абасилов, 2016). Креол тіл өзінің пайда болуын пиджиннен бастап, біртіндеп өздігінен дамып жетіліп, ана тілі дәрежесіне (көпшілігінде пиджинтілді тұтынушылардың екінші ұрпағы үшін) көтерілуі мүмкін. Сондай-ақ әр түрлі тілдік ортада этносаралық, тіпті ұлтаралық тіл қызметін атқаруы да мүмкін (Теоретические проблемы социальной лингвистики, 1981).

Кино тілінде де пиджин мен креолизацияға ұқсас үдерістер байқалады. Көпұлтты және көптілді көрермендерге бағытталған фильмдерде жиі қолданылатын гибриді тілдік құрылымдар – пиджин элементтерінің көрінісі. Мысалы, ағылшын тілінің қарапайым грамматикалық құрылымдарына өзге тілдердің лексикасы қосылып, жаңа форма түзіледі. Бұл кино көрерменіне интернационалдық қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кейбір мультимедиялық сериалдар мен фильмдерде бұл элементтер жүйелі түрде қолданылып, тұрақты тілдік нормаға айнала бастайды – бұл құбылыс креолизацияға ұқсас. Креолдану барысында тілдің лексикалық құрамы мен грамматикасы тұрақталады, бірақ олар аралас және бейресми түрде болады.

Қазіргі қазақ киносында пиджин тілдің кеңінен қолданылуы, әсіресе жастар арасында, олардың сөйлеу стиліне әсер етіп, тілдік нормалардың бұзылуына және сөйлеу тілі креол тілінің сипатына жақындауына алып келеді, себебі кино мен веб-сериалдар – тілдік инновациялардың басты қайнар көзі. Танымал телехикаялар мен бейнеблогтардағы тілдік үлгілер жасөспірімдер мен жастар арасында трендке айналып, сөйлеу мәдениетінің бір бөлігіне енеді. Бұл үлгілер көбінесе эмоцияны, иронияны, сарказмды жеткізу үшін қолданылады. Әсіресе, орыс тілді YouTube және TikTok контенті арқылы енген тіркестер қазақтілді жастар арасында да бейімделіп, трансформацияланып отыр.

Арго. Жаргон. Сленг. Арго мен жаргон терминдері француз тілінен алынған, ал сленг ағылшын сөзі. Бұл терминдер көбінесе бір-бірімен синоним ретінде жұмсала береді. Жаргон – тұрақты жеке әлеуметтік топтың ауызекі қолданыстағы сөйлеу түрі. Бұл топтағы адамдар қызметіне, қоғамдағы орнына, жасына қарай ұйымдасады. Жалпы халық тілінен жаргон айрықша лексикасымен, фразеологизмдерімен және сөзжасамдық тәсілдерімен ерекшеленеді. Жаргондық лексиканың үлкен бөлігі – бұрын өмір сүрген әлеуметтік топтардың «мұрасы». Бір жаргоннан басқа жаргонға өту кезінде сөздің мағынасы өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жаргонның лексикалық қоры басқа тілдерден толықтырылып отырады. Мысалы, «чувак» – сыған тілінде – бала, жігіт деген мағынаны береді. Кейде сөздердің көпшілігі тұлғалық өзгеруден пайда болады. Мысалы, «баскет» – баскетбол, «телик» – теледидар. Жаргонның әзілді не тұрпайы-вулгарлы болуы әлеуметтік топқа байланысты: топ қоғам үшін ашық болса (жастар тобы), жаргон «ұжымдық ойын» ретінде сипатталады. Ал жабық топта жаргон «бөтен» немесе «өз» адамдарын білу үшін қолданылады. Кейде жаргон құпиялылық (конспирация) құралы ретінде пайдаға асады. Жаргон сөздер өте жылдам өзгеріп отырады. Айталық, XX ғасырдың 50-60 жылдары ақшаны – «тугрик» (моңғолша), «рупия» (үндіше) десе, 70-жылдары – «монета», «мани». 80-жылдары – «бабки», 90-жылдары – «жапуста», «бакси», «кэш» деп атады. Жаргондарды зерттеу – әлеуметтік лингвистиканың міндеті. Кейде жаргон термині қате сөйлеуге қатысты да қолданылады. Сондықтан оны кейде «студенттер тілі» сияқты сөз тіркестерімен немесе жоғарыда айтқанымыздай «арго», «сленг» сияқты терминдермен де алмастырады. *Арго* – бір немесе бірнеше табиғи тілдердің өзгерген элементтерінен құралған, кейбір шектеулі кәсіби әлеуметтік топтардың айрықша тілі, жаргонның бір түрі. Арго қоғамнан ерекшелену мақсатымен, сөздердің құпиялылығын сақтау үшін қолданылады. «Арго» терминдері көбінесе қылмыстық топтар

арасында болады. Мысалы, ұрылардың аргосы сыған, неміс, орыс т.б. тілдердің сөздерінен жасалған аргоның өзіндік грамматикасы болмайды (А. Абасилов, 2016).

Көптілділік және кино тілі. Кино – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуінің ең жарқын формаларының бірі. Әсіресе көптілді елдерде кино тілі әлеуметтік, этнолингвистикалық теңгерімді сақтау, бірлік пен әртүрлілікті қатар ұсыну құралы ретінде қолданылады.

Мысалы, Францияда кино тілі негізінен француз тілінде ұсынылады. Конституциялық деңгейде француз тілі ресми тіл ретінде бекітілгенімен, бретон, окситан, баск, эльзас секілді аймақтық тілдер бар. Дегенмен кино өндірісінде бұл тілдер сирек пайдаланылады. Француз киносы тілдік біртұтастықты ұстануға бейім, алайда иммигранттар тақырыбына арналған фильмдерде араб, африкалық тілдер мен пиджиндер эпизодтық деңгейде кездеседі. Бұл – тілдік гетерогенділіктің көрінісі емес, көбінесе әлеуметтік шеттегу феноменін айшықтау амалы.

Ал Үндістан – әлемдегі ең күрделі тілдік кеңістіктердің бірі. Үнді киноиндустриясы бірнеше аймақтық орталықтарға бөлінген: хинди (Болливуд), тамил (Колливуд), телугу (Толливуд), маратхи, бенгали және басқалар. Әрбір аймақ өз тілінде өнім ұсына отырып, кейде фильм ішінде бірнеше тілді қатар қолданады. Код-аргументтік ауысулар, гибриді диалогтер, субтитрлер арқылы көптілділік қолдау табады (Bickerton, 1981). Бұл – пиджиндік ерекшеліктерді жүйелі креолизацияға айналдырмағанымен, көркем тілді функционалды түрде қолданудың үлгісі.

Нигерияда ресми тіл – ағылшын тілі болса да, елде 500-ден астам тіл қолданылады. Кино өндірісінде – әсіресе Нолливудта – ағылшын пиджин тілі кең таралған. Бұл тіл урбанизацияланған, әртүрлі этностарға түсінікті қарапайым формада ұсынылады. Нигерия пиджинін Derek Bickerton мен Salikoko Mufwene сынды ғалымдар креолизацияның нақты мысалы ретінде қарастырған (Mufwene, 2001). Сонымен қатар йоруба, игбо, хауса секілді жергілікті тілдер де фильмдерде белсенді көрініс табады, бұл тілдік теңдіктің нышаны ретінде бағаланады.

Қазақстан кино саласында қазақ және орыс тілдері қатар қолданылады. Кеңестік кезеңде орыс тілі басымдыққа ие болса, қазіргі тәуелсіздік жағдайында қазақ тілінің үлесі артуда. Жастарға арналған фильмдер мен телехикаяларда қазақ тіліне енген ағылшын, орыс сөздері мен сленгтер арқылы бейресми пиджин белгілері байқалады. Бұл – қазақ тілінің синтаксисі негізінде өзге тілдік элементтердің араласуымен көрініс табатын ерекше модель. Мысалы, «сумка көтеріп жүрмін», «пранк жасап көрдік» тәрізді сөйлемдерде қазақ морфологиясы мен шет тілдік лексемалар бірігіп, аралық сөйлеу формасын тудырады. Бұл – креолизацияға толық айналмағанымен, гибриді кино тілінің қалыптасып жатқанын көрсетеді.

Мұндай құбылысты зерттеу тілді оқыту мен тіл саясатына қатысты жаңа тәсілдерді қажет етеді, себебі кино – тілдік өзгерістердің катализаторы. Франция тілдік біртектілікке ұмтылса, Үндістан мен Нигерия көптілділікті бейнелеуде икемділік танытады. Қазақстанда бұл екі бағыт тоғысып, бірегей модель қалыптасуда: бір жағынан мемлекеттік тіл – қазақ тілі нығаю үстінде, екінші жағынан, заманауи жастар мәдениеті мен медиа әсерінен гибриді сөйлеу формалары кино тіліне енуде. Болашақта бұл үрдістер қазақ тілінің әлеуетін кеңейте түсіп, жаңа көркемдік және әлеуметтік деңгейлерге жетелей алады.

Код-ауыстыру және тілдік гетерогендік. Қазақстандық кино саласында тілдік араласу тенденциялары байқалады. Кейбір фильмдерде қазақ тілімен қатар орыс тілінің де қолданылуы – көптілділік феноменнің көрінісі. Алайда бұл код-ауыстыру (code-switching) тілдік ассимиляция емес, белгілі бір әлеуметтік рөлді, қарым-қатынас жағдайын немесе эмоциялық реңкті нақтылауға қызмет етеді. Қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуы, ағылшын тіліндегі сленг пен терминдердің енуі – кино тілінде бейресми пиджин формаларының қалыптасуына әкелуде. Жастарға бағытталған сериалдарда қазақ тілінің синтаксисіне бейімделген ағылшын немесе орыс сөздерінің жиі қолданылуы – қазақ тіліне тән креолизация белгілерінің бір көрінісі. Бұл құбылыстардың артықшылығы ретінде тілдің икемділігін, заманауилығын және аудиториямен тығыз байланысты қамтамасыз ететін құрал екенін атауға болады. Алайда бұл үдерістер қазақ тілінің жүйелілігіне қауіп төндіруі мүмкін деген алаңдаушылық та бар. Сондықтан бұл құбылысты ғылыми тұрғыдан бағалап, тілдік нормаларды сақтау мен жаңғыртудың тепе-теңдігін табу маңызды.

Сөзімізді жүйелей келе, қазіргі қазақ киноларында жиі ұшырасатын жоғарыда аталған тілдің өмір сүруінің бейәдеби түрлеріне төмендегідей әлеуметтік лингвистикалық сипаттамалар беруге

болады:

1. *Лексикалық код араластыру.* Қазақ кино тілінде қазақ және орыс тілдері арасындағы код араластыру жиі кездеседі. Бұл сөздерді орыс тілінен тікелей алу немесе қазақ тілінің сөздік қорын өзгертіп пайдалану арқылы көрінеді. Мысалы, қазіргі қазақ киноларындағы диалогтерде *«Келесі аптада встречаемся»*, *«Бәрі окей»* сияқты сөйлемдер жиі кездеседі. Мұнда *«встречаемся»* және *«окей»* сөздері қазақ тіліндегі баламаларынан гөрі жеңіл әрі жылдам қабылданатын орыс тілінен тікелей енген лексикалық элементтер ретінде қолданылып тұр. Енді сөзіміз дәлелді болуы үшін қазіргі қазақ кино тіліндегі аралас тілдің мысалдарына кезек берейік:

Кино атауы: «Бөлек шығайық»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Нұржан Еркінұлы

Продюсері: Медет Қалыбеков, Нұржан Еркінұлы

Басты рөлдерде: Сабира Ақатай, Мадина Ақатай, Қарагөз Тілеубекова, Рамазан Амантай

Операторы: Сәтбек Бақыт

Композиторы: Назарбек Оразбеков

Ұзақтығы: 95 минут

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- Салфеткалардан аққу жасадым.

- Мынау точно аққу ма? Себя не в своей тарелке сезініп тұрған сияқты ғой. И пойдёт.

- Привет, Жансая! Қалайсың? Че делаешь?

- Прикольно, посуда сұрапсыңдар ғой. Өзімнің форфор ыдыстарымды элитный ЖК-мнан бүгін комфорт плюспен арнайы сендерге алып келдім. Можете не благодарить!

- Есть такое, вообще мен сендерге риза боламын.

- Бұл ерунда. Жарыстың көкесі бешибармақтан кейін болады.

- Өзім бәрін үйреттім. Қазір шүкір! Бірақ енді анда-санда маневрлерім болып тұрады.

- Сол ақшаға доставкаиен тамақ алдырасыңдар ма?

Кино атауы: «РОДНОЙ»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Бақыт Осмонканов

Продюсерлері: Еламан Есентаев, Нұрбек Асылбеков, Тимур Кошмуратов

Операторы: Азамат Дулатов

Композиторы: Назарбек Оразбеков

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- Кел, бері қара! Айттым ғой саған запаска жоқ деп. Сен асықтырмағанда жаңағы ямаға түспей уже бетонкада кетіп бара жататын едік.

- Е, красавчик, родной! Қатынды қалай көндірдің?

- Родной, сразу солай айтпайсың ба?

- А че мен қарсымын ба не? Хотя бы өміріңде бір рет иә десең болады ғой.

- Енді сүндетке недавно отырды, түсінесің ғо. Или түсінбейсің ба?

- Квартира кімге қалады екен? Білгеннен кейін ватсаптағы анау обидий чатқа жазып жіберем.

- Сендер стрессовать еттіңдер. Біздер стрессовать еттік.

Түсіндірме: екі мысалда да код араластырудың мұндай үлгілері сөйлеушілерге жеңіл көрінгенімен қазақ тілінің лексикалық бірегейлігіне нұқсан келтіреді. Осылайша қазақ тіліне орыс тілінің сөздері еніп, олардың баламаларын қолдану сирей береді.

2. *Грамматикалық қарапайымдылық.* Пиджиндену үдерісі сияқты кинода қолданылатын аралас тілде грамматикалық құрылымдардың қарапайымдылығы байқалады. Мысалы, толық сөйлемдер қысқартылып, грамматикалық ережелер жеңілдетіледі. Мысалы, *«Мен барып келдім домой»* немесе *«Ол кетті магазинге»* сияқты сөйлемдерде орыс тілінің синтаксистік құрылымы қазақ тіліне ықпал етеді. Мұнда *«домой»* және *«магазинге»* сөздері қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне кірмей, тікелей аударылмай қолданылып отыр.

Кино атауы: «Хотя бы кинода 3»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Дастан Садманов

Продюсерлері: Нұрсұлтан Садманов, Дастан Садманов

Операторы: Жандос Жобалай

Композиторы: Абай Акбаев

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2024

- *Минуточку внимания, жігіттер!*

- *Ақ Қайрош өзіне берілген срогын достойно, золотой отырып кеткелі жатыр бостандыққа. Воля құтты болсын! Красавчик!*

- *Уже ма не? Мына торт пен шай ішіп кету керек еді.*

- *План жоқ, сол, семьяға оралсам ба деймін. Мамам ауырып қалды. Больницада жатыр.*

Түсіндірме: мұндай қарапайым және тікелей аударылған құрылымдар грамматикалық қарапайымдылықты тудырып, қазақ тілінің күрделі синтаксистік жүйесін елемеуге әкеледі, нәтижесінде аралас тіл грамматикасы қазақ тіліне тән қалыпты норманы бұзады.

3. *Синтаксистік гибридтілік.* Аралас тілде орыс тілінің синтаксисі қазақ тіліне бейімделіп, сөйлем құрылымдары өзгереді. Мысалы, сөздердің орын тәртібі орыс тілінің әсеріне бейімделеді. Мысалы, «*Ол айтты, что біз кездесеміз*» немесе «*Маған керек, чтобы сен келдің*» сияқты сөйлемдерде орыс тілінің грамматикалық құрылымы қазақ тіліне бейімделген.

Түсіндірме: Бұл сөйлемдерде орыс тілінің синтаксисі сақталып, тек кейбір сөздер қазақ тіліне аударылған. «*Что біз кездесеміз*» және «*чтобы сен келдің*» құрылымдары қазақ тіліндегі жалғаулардың орнына орыс тілінің логикалық құрылымын қолданады. Мұндай құрылымдар сөйлемдегі сөздер байланысының табиғатын бұзып, қазақ тілінің синтаксистік бірегейлігін әлсіретеді.

4. *Фонетикалық бейімделу.* Қазақ және орыс тіліндегі сөздердің дыбыстық ерекшеліктері өзара ықпалдасып, бір-біріне фонетикалық түрде бейімделіп айтылады. Бұл көбіне сөздердің бастапқы мәнін бұзып, тілді креол тілге жақындатады. Мысалы, диалогтегі орысша сөздерге қазақ тілінің дыбысталу элементтері араласқан сөйлеу үлгілері: «*Сыразу барып келем*» (орыс тіліндегі «сыразу» сөзінің қазақ тіліне тікелей фонетикалық бейімделуі) немесе *Издес (здесь) тұрамын*» сияқты сөз тіркестері.

Кино атауы: «ЖОЛ»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Бақыт Кадер

Продюсері: Жахан Утарғалиев

Операторы: Шерхан Тансыкбаев

Композиторы: Абай Акбаев

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- *Шеф? Мына шакалдардың қалай оңай құтылып жүргенін енді түсіндім.*

- *Көзіме упражнения жасап отырмын.*

- *Әлі ұйықтамағансыңдар ма не? Жоға, сыпалыня бос емес, тамақ ішіп отырмыз.*

- *Ай, подкаблук. Маманы тастап өзің кетейін деп тұрсың ба?*

- *Кешке күшті тамақ жасап қойыңыз. «Кывыны» (квартираны деген сөз) жуамыз.*

- *Да, представляете?! Біреусі құлағым естімейді деді.*

- *Инвалид деп айтпа оған! А то обижусь.*

- *Смело прикол ұстай бершиш. Сосын если что шаршасаң айт, дальше өзім айдап барамын.*

Түсіндірме: мұндай аралас қолданыстарда қазақ тілінің дыбысталу ерекшеліктері орыс тіліндегі сөздерге еніп, олардың фонетикалық табиғатын өзгертеді. Бұл аралас тілге тән фонетикалық бейімделу, пиджин тілдерінде кездесетін фонетикалық қарапайымдылықты көрсетеді.

Жаргон, аргó және сленгтердің аралас қолданылуы. Қазіргі қазақ киноларында жастардың сөйлеу тілінде «*крутой*», «*тусовка*», «*прикол*», «*реально*» сияқты орыс тілінен енген жаргондар

жиі қолданылады. Мысалы, *«Ол реально крутой жігіт екен»* немесе *«Біз тусовкаға барамыз»* деген сөйлемдер.

Кино атауы: COCO&JANBO

Жанры: комедия, криминал, мелодрама

Режиссёрі: Ернар Нұрғалиев

Продюсері: Жанболат Найзабеков, Қанат Сатимбеков

Операторы: Еркебұлан Қуанышбаев

Композиторы: Ержан Серикбаев

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- *В смысле «жан»?*

- *Ерзат, туған братан гой біздің. Қалай танымайсыңдар.*

- *Нағыз родной братишкасымын гой мен.*

- *Сен не құлақтан теуіп тұрсың. Қаз келемін. Шустрыйсың ба не?*

- *5 жыл деген не? 5 секунда өте салады. Не переживай!*

- *Мына машинені жезелездно бір жерден теуіп кеттің гой.*

- *Жұмыс жасадым 5 жыл. Таксовать еттім, вахтада істедім, охранада істедім. Ал мынау менің любимый бөлмем. Зонада талай шулатқанбыз.*

- *Түріне қарасаң қрыса сияқты гой.*

Түсіндірме: Жаргондар мен сленгтер жастар арасында тез қабылданып, күнделікті сөйлеу тіліне енеді. Бұл сөздер орыс тілі арқылы еніп, қазақ тілінің өзіне тән сөздік қоры мен стилистикалық деңгейіне сәйкес келмейді, сондықтан да олар тілді пиджинденуге жақындатады. Тілді қарапайым, қолжетімді ету мақсатында қолданылатын бұл жаргондар қазақ тілінің бай әрі бейнелі құрылымын сақтауға кедергі келтіреді.

Осындай тілі ала шұбар кинолардың қатарына: «Шекер. Последний шанс» – жанры: криминал, режиссері: Дархан Түлегенов; «5:32» – жанры: детектив, триллер, криминал, режиссері: Алишер Утев; «Салем, папа» – режиссері: Д. Тасменбеков, жанры: комедия, боевик; «Кеттік бәрін таста» – жанры: комедия, режиссері: Сержан Серікбаев, Самат Сыржанов; «Келінжан» – жанры: комедия, режиссері: Ернар Нұрғалиев; «Сакура» – жанры: мелодрама, режиссері: Санжар Омаров; «Дәстүр» – жанры: ужастик, режиссері: Қуаныш Бейсек; «Бақыт» – жанры: драма, режиссері: Асқар Ұзабаев; «Жездуха» – жанры: комедия, режиссері: Ернар Нұрғалиев; «Бизнес по казахски» – жанры: комедия, режиссері: Жеңісхан Момышев т.б. жатқызуға болады.

Бұл кинолардың әлеуметтік әсері – қазақ киносы мен телебағдарламаларындағы аралас тілдің қолданылуы қоғамның әртүрлі топтарына, әсіресе жастарға әсер етіп, олардың сөйлеу мәдениетін өзгертеді. Жастар арасында аралас тілдің қалыптасуы нәтижесінде қазақ тілінің пиджинденуі мен креолдануына, яғни, лингвистикалық нормалардан ауытқу, тілдің бастапқы таза үлгісін сақтау қиындайды. Бұл қазақ тілінің бірегейлігін жоғалту қаупін туындатады.

Түсіндірме: Уақыт өте келе, мұндай аралас тіл жастардың ана тілі ретінде орнығады. Бұл жағдай креол тіліне тән сипаттарға әкелуі мүмкін, себебі аралас тіл ұрпақтан-ұрпаққа қолданылған сайын ана тілі рөлін атқарып, тілдің бастапқы құрылымы өзгеріске ұшырайды. Осылайша, қазақ тілі өзінің таза нұсқасынан алыстап, күрделі тілдік нормаларын жоғалтуы мүмкін.

Жоғарыдағыларды түйіндей айтқанда, қазіргі кинодағы аралас тіл пиджиндену және креолдану үдерістеріне ұқсас қасиеттерге ие болуы, оның жастардың тілдік мәдениетіне әсер ету қаупін туындатады. Мұндай әсер тілдік нормалардың бұзылуына, сөйлеу мәдениетінің төмендеуіне, ана тілінің бірегейлігінен айырылуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан тіл тазалығын сақтау мақсатында қазақ киносы мен телебағдарламаларына тілдік реттеу жүргізу, шығармашылыққа қатысатын мамандарды тілдік мәдениетке үйрету маңызды.

Қорытынды

Қазіргі отандық фильмдер қазақ тілінің әлеуметтік және мәдени кеңістіктегі қызметін жаңаша форматта ұсына отырып, тілдің репрезентациялық, когнитивтік және символдық мүмкіндіктерін толық пайдалануда. Қазақ тілі кино кеңістігінде тек коммуникация құралы ретінде ғана емес, ұлттық сана, мәдени жад, тарихи таным мен қазіргі заман құндылықтарын бейнелеуші маңызды символдық ресурс ретінде қалыптасып келеді. Кино тілін талдау – тілдің көркемдік,

әлеуметтік және идеологиялық мүмкіндіктерін зерделеуге жол ашады. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тілінің жаһандық медиамәдениеттегі орнын айқындауға және тіл саясатына жаңа импульс беруге сеп болады.

Қазіргі қазақ киносы тілінің социолінгвистикалық ерекшеліктерін зерттей отырып, қазақ тілінің кино индустриясындағы рөлін, оның қоғамдық қабылдану үдерісіне ықпалын анықтауға болады. Қазақ киносының тілі – көркем шығармашылық құралы ғана емес, қоғамдық сана мен ұлттық идеологияны қалыптастыратын маңызды фактор. Мақалада талданған 20-дан астам фильм негізінде жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық және статистикалық талдау нәтижелері бүгінгі қазақ кино тілінің көпқырлы әрі қайшылықты сипатқа ие екенін көрсетеді. Зерттелген фильмдердің ішінен 12-сінде (60%) қазақ және орыс тілдерінің араласуы жиі байқалды. Мәселен, «Біздің сынып» (2023) фильмінде код-ауыстырудың 48 жағдайы тіркелді. Аралас құрылымдардың көпшілігі сөйлемішілік деңгейде кездеседі: «*Айттым же, не надо было встречаться*», «*Мен вообще түсінбей қалдым*» сияқты сөйлемдерде қазақ тілі мен орыс тілі элементтері грамматикалық тұрғыда үйлеспей қолданылады. Бұл код-ауыстырудың құрылымдық интерференция (structural interference) тудыруына себеп болады. «Хотя бы кинода» (2022) фильмінде код-свитчингтің 53 мысалы анықталды, олардың 65%-ы ауызекі диалогтерде тіркелді. Мұндағы басты мәселе – сөйлем құрылымының бұзылуы: «*Болды уже*», «*Кешір, но мен сенікі емеспін*» сияқты сөйлемдерде орыс тіліндегі сөз тіркестер қазақ тілі грамматикасымен сәйкес келмейді. Сонымен қатар лексикалық гибридтер жиі қолданылған: *прикол ұстап тұр, нормально зой, типо сондай* т.б. Жалпы зерттеу барысында код ауыстыру құрылымдары бойынша – 316 тіркес анықталса, грамматикалық құрылымдарға талдау барысында келесі заңдылықтар анықталды: грамматикалық құрылым бұзылуы – 127 сөйлем; фонетикалық деформация – 38 жағдай; жаргон / арго / сленг – 91 сөз / тіркес; сөйлем мүшелерінің орын тәртібі бұзылған – 77 жағдай; етістік жалғауларының орыс тілі жүйесімен сәйкессіздігі – 44 мысал тіркелді.

Осы тілдік ауытқушылықтар көркем тілдің беделіне, тыңдаушының қабылдауына, әсіресе жастардың сөйлеу дағдысына теріс әсер етеді. Жасөспірімдер киноны тілдік үлгі ретінде қабылдайтынын ескерсек, мұндай лингвистикалық құбылыстар ұлттық тілдік санаға зиян келтіруі ықтимал.

Ұсыныстар:

1. Сценарий тіліне қойылатын талаптар: сценарий жазу кезеңінде әдеби тіл нормаларын сақтау міндетті болуы тиіс, әсіресе, жастар мен балаларға арналған фильмдерде жаргон, сленг, код араластыруды шектеу қажет. Код-свитчинг қолданылған жағдайда, кейіпкердің әлеуметтік рөлімен нақты негізделуі керек. Балалар мен жасөспірімдерге арналған контентте бейәдеби лексиканы шектеу қажет. Сценарийлердің тілдік гигиенасына мониторинг жасап тұру ұсынылады.
2. Дубляж сапасын бағалау критерийлері: аударма мен түпнұсқа сәйкестігі (семантикалық дәлдік). Қазақша дыбысталған диалогтің грамматикалық және стилистикалық тазалығы. Фонетикалық сәйкестік: интонация, екпін, дыбысталудың табиғилығы.
3. Лингвистикалық кеңесші міндеті: әрбір киножобада тіл мамандарының (лингвист, стилист, әдеби редактор) қатысуы міндетті болуы керек. Бұл мамандар сценарий мен диалогтерді алдын ала сараптап, қажет жағдайда тілдік түзетулер енгізуі қажет.
4. Кино мамандарына тілдік курс ұйымдастыру: сценаристер мен режиссерлерге арналған «әдеби тіл және кино тілінің ерекшеліктері» тақырыбындағы қысқа мерзімді оқыту курстары ұйымдастыру ұсынылады. Бұл кәсіби лексика мен стильдік нормаларды дұрыс қолдануға ықпал етеді.
5. Ұлттық тіл саясаты шеңберінде кино тіліне мониторинг жүйесін енгізу: мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан қазақ киносының тілдік сапасына жыл сайын сараптама жасалып, арнайы қорытындылар мен ұсынымдар жарияланып тұруы тиіс.
6. Көркемдік пен шынайылықтың үйлесімі: қазіргі кино тілінде қазақтың мақал-мәтелдері, идиомалар, диалектизмдер стилистикалық өңдеумен берілсе, бұл ұлттық мәдени кодтың сақталуына мүмкіндік береді.
7. Қостілді фильмдерде: қазақ тіліндегі диалогтердің көлемі $\geq 70\%$ болуын қамтамасыз ету. Қосымша субтитр және дубляж нұсқасында таза қазақша баламаларға артықшылық беру.
8. Пиджиндену белгілері бар тіркестерді әдеби баламаларымен алмастыру: «окей» →

«жақсы», «прикол» → «қызық» т.б.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ киносының тілін ғылыми негізде талдап, жүйелі ұсыныстар әзірлеу – қазақ тілінің қоғамдық мәртебесін нығайтуға ықпал ететін маңызды қадам. Кино – тек өнер саласы ғана емес, тіл мен ұлттық рухты насихаттайтын қуатты құрал. Сондықтан қазақ тілінің кино кеңістігіндегі сапасын арттыру – тіл болашағын қамтамасыз етудің бір тетігі.

Әдебиеттер

- Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. Оқу құралы/ А. Абасилов. – Алматы: Palitra Press, 2016. – 250 б.
- Абикеева Г.О. Кино как ведущая креативная индустрия Казахстана // *Central Asian Journal of Art Studies*. – 2022. – №1. – С. 54-66.
- Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. 2-басылымы, өңделген / Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шәймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова. – Алматы, 2020. – 400 б.
- Ержанов Ә. Отрицательные отзывы настраивают на борьбу. *The Village Kazakhstan*. (2021, 24 қараша). [Электронды ресурс] Дата обращения: 22 мая 2021. <https://www.the-village-kz.com/village/city/city-interview/9345-rezhisser-adilhan-erzhanov-otritsatelnye-otzyvy-nastravayut-na-borbu>
- Теоретические проблемы социальной лингвистики. – Москва: Наука, 1981. – С. 301-312.
- Bakker, P. *A Language of Our Own: The Genesis of Michif, the Mixed Cree-French Language of the Canadian Métis*. Oxford University Press, 1997.
- Bell, A. Back in style: Reworking audience design. In P. Eckert & J. R. Rickford (Eds.), *Style and sociolinguistic variation*. P. 139-169). Cambridge University Press, 2001.
- Bickerton, D. *Roots of Language*. Karoma Publishers, 1981.
- Bourdieu, P. *Language and symbolic power* (J. B. Thompson, Ed.; G. Raymond & M. Adamson, Trans.). Cambridge: Polity Press, 1991.
- Cameron, D. Performing gender identity: Young men's talk and the construction of heterosexual masculinity. In S. Sarangi & M. Coulthard (Eds.), *Discourse and social life* (P. 80-94). London: Longman, 2000.
- DeGraff, M. Linguists' most dangerous myth: The fallacy of Creole Exceptionalism. *Language in Society*, 34(4), 2005. P. 533–591.
- Fairclough, N. *Media discourse*. London: Edward Arnold, 1995.
- Fishman, J.A. *The sociology of language: An interdisciplinary social science approach to language in society*. Rowley, MA: Newbury House, 1972.
- Higson, A. The limiting imagination of national cinema. In M. Hjort & S. Mackenzie (Eds.), *Cinema and nation*. P. 57–68. London: Routledge, 2000.
- Hodson, J. *Dialect in film and literature*. London: Palgrave Macmillan, 2014.
- Holm, J. *An introduction to pidgins and creoles*. Cambridge: Cambridge University Press, 2000.
- Mufwene, S.S. *The Ecology of Language Evolution*. Cambridge University Press, 2001.
- Wierzbicka, A. *Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese*. Oxford: Oxford University Press, 1997.

References

- Abasilov, A. (2016) *Aleumettik lingvistika. Oqu quraly/ A.Abasilov*. Almaty: Palitra Press, 2016. 250 b. [Abasilov, A. (2016) *Sociolinguistics. Textbook / A. Abasilov*. Almaty: Palitra Press, 2016. 250 p.] (in Kazakh)
- Abikeeva, G.O. (2022) Kino kak vedushhaja kreativnaja industrija Kazahstana. *Central Asian Journal of Art Studies*. 2022. №1. S. 54-66. [Abikeyeva, G.O. (2022) Cinema as the Leading Creative Industry of Kazakhstan. *Central Asian Journal of Art Studies*. 2022. №1. P. 54-66.] (in Russian)
- Aleumettik lingvistika terminderining sozdigi (2020) Slovar' sociolingvisticheskikh terminov. 2-basylymy, ongdelen / Je.D. Sulejmenova, N.Zh. Shajmerdenova, Zh.S. Smagulova, D.H. Aqanova. Almaty, 2020. 400 b. [Dictionary of Sociolinguistic Terms (2020) 2nd edition, revised / E.D. Suleimenova, N.Zh. Shaimerdenova, Zh.S. Smagulova, D.Kh. Akanova. Almaty, 2020. 400 p.] (in Kazakh)
- Bakker, P. (1997) *A Language of Our Own: The Genesis of Michif, the Mixed Cree-French Language of the Canadian Métis*. Oxford University Press. (in English)
- Bell, A. (2001) Back in style: Reworking audience design. In P. Eckert & J. R. Rickford (Eds.), *Style and sociolinguistic variation*. P. 139-169. Cambridge University Press. (in English)
- Bickerton, D. (1981) *Roots of Language*. Karoma Publishers. (in English)
- Bourdieu, P. (1991) *Language and symbolic power* (J. B. Thompson, Ed.; G. Raymond & M. Adamson, Trans.). Cambridge: Polity Press. (in English)
- Cameron, D. (2000) Performing gender identity: Young men's talk and the construction of heterosexual masculinity. In S. Sarangi & M. Coulthard (Eds.), *Discourse and social life*. P. 80-94. London: Longman. (in English)
- DeGraff, M. (2005) Linguists' most dangerous myth: The fallacy of Creole Exceptionalism. *Language in Society*, 34(4). P. 533-591. (in English)
- Erzhanov, A. (2021) Otricatel'nye otzyvy nastravajut na bor'bu. *The Village Kazakhstan*. [Elektronnyy resurs] Data

- obrashhenija: 22 maja 2021. [Yerzhanov, A. (2021) Negative reviews set you up for a fight. The Village Kazakhstan. [Electronic resource] Accessed on: May 22, 2021.] <https://www.the-village-kz.com/village/city/city-interview/9345-rezhisser-adilhan-erzhanov-otritsatelnye-otzyvy-nastraivayut-na-borbu> (in Russian)
- Fairclough, N. (1995) Media discourse. London: Edward Arnold. (in English)
- Fishman, J.A. (1972) The sociology of language: An interdisciplinary social science approach to language in society. Rowley, MA: Newbury House. (in English)
- Higson, A. (2000) The limiting imagination of national cinema. In M. Hjort & S. Mackenzie (Eds.), Cinema and nation. P. 57-68. London: Routledge. (in English)
- Hodson, J. (2014) Dialect in film and literature. London: Palgrave Macmillan. (in English)
- Holm, J. (2000) An introduction to pidgins and creoles. Cambridge: Cambridge University Press. (in English)
- Mufwene, S.S. (2001) The Ecology of Language Evolution. Cambridge University Press. (in English)
- Teoreticheskie problemy social'noj lingvistiki (1981). Moskva: Nauka. S. 301-302. [Theoretical Problems of Social Linguistics (1981). Moscow: Nauka. P. 301-312.] (in Russian)
- Wierzbicka, A. (1997) Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. Oxford: Oxford University Press. (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.01.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Пиязбаева А.Б., Абасилов А.М., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025